

ҒҮЗАЙЫР (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қиссасы

قصة عزير عليه السلام

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخ>



فريق اللغة الكازاخية بدار الإسلام

Islamhouse.com сайтының қазақ тілі бөлімшесі



ҒҰЗАЙЫР

(оган Аллаһтың сәлемі болсын)

қиссасы

Сүлеймен дүние салғаннан кейін де исраилдіктер Палестинаны мекендейді. Дегенмен олар Аллаһтың шынайы дінінен тым алыстап кеткен-ді. Қолдарындағы Тәурат жоғалып, ұмыт болған еді. Иманнан алыстап бара жатқан оларға Аллах тағала Ғұзайыр есімді пайғамбарды жіберді. Аллаһ тағала Ғұзайырга бір ауылға баруды бұйырды. Барса ауыл ел-жұртсыз, ойран болған. Өзінің қаңыраған бір ауылға жіберілгеніне таңғалып: «Аллах тағала енді бұл елі мекенге қалай тіршілік береді еken?...» – деп күтіп тұрады. Сол кезде Аллах тағала оны жұз жылға өлтірді.

«Әлде сондай төбелері астына келіп құлаған бір ауылдан өткенді көрмедің бе? Ол: «Аллаh мұны өлгеннен кейін қалай тірлітеді еken?» – деді. Аллаh оны жұз жылға өлтіріп, сонаң соң тірлітіп: «Қанша жаттың?» – деді» (Бақара сүресі, 259 аят).

Ғұзайырдың жаңы ұйықтап жатқан кезінде алынған еді. **«Ол: «Бір күн немесе күннің бір жарымы жаттым», – деді. (Аллаh): «Олай емес! Жұз жыл өліп жаттың! Енді тамағыңа, сусыныңа бір қара! Өзгермеген. Ал енді есегіңе қара!» – деді»** (Бақара сүресі, 259 аят).

Тамақ, сусынына қараса, сол қалпы бұзылмаған. Ал есегінің қураған сүйегі ғана қалған еken. Ғұзайыр таңғалып қалды. Сол кезде Аллах тағала:

«Сені адамдарға белгі ету үшін осылай еттік. Ал енді сүйектерге қара! Оны қайта құрастырып, сонаң соң оған ет қантаймыз», – деді» (Бақара сүресі, 259 аят). Ғұзайыр қураған сүйектердің көз алдында құралып, ет бітіп, жанданып түрекелгенін көрді. **«Бұл жағдайлар оған анық көрінгенде: «Сөзсіз, Аллаһтың әр нәрсеге Құдіретті еkenін білдім», – деді»** (Бақара сүресі, 259 аят).

Ғұзайыр қайта тірілгенде, ауылға ел-жұрт қоныстанып та қалған еді. Ол ауыл тұрғындарынан: «Сендер Ғұзайырды білесіндер ме?» – деп сұрады. Олар: «Иә, білеміз. Ол жұз жыл бұрын ізім-тайым жоғалған еken», – деп жауап береді. Соңда ол: «Мен – Ғұзайырмын!» – деді. Олар оның сезіне сенбей, араларындағы жасы жүзден асқан бір кейуана кемпірді алып келеді. Кемпір таныған соң барып қана адамдар оның айтқандарына иланды. Ғұзайыр оларға ұмыт болған Тәуратты үйретіп, жоғалған діндерін қайта қалпына келтіре бастады. Исарай қауымының Ғұзайырды қадірлеп-қастерлегені соншалық, оны «Аллаһтың ұлы» деуге дейін барды.

Аллах тағала: **«Янудилер Ғұзайырды Аллаһтың ұлы деді»** (Тәубе сүресі, 30 аят), – деген.

Олар осы қате түсініктен әлі күнге дейін толықтай арыла қоймаған.

Қолданылған әдебиеттер: Ибн Касирдің «Қисасуль-Әнбия»,
«Альбидая уа нихая».